

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ ӘЛЕУЕТКЕ ЫҚПАЛЫ

Бариков Д.Х. – аға оқытушы, ШУ Экономика институты, **Қойшыбаева Н.И.**

– доцент, п.ғ.к., **Жунисбекова Ж.А.** – доцент, п.ғ.к., **Алметов У.** – ЕП-19-14р тобы, М.Әуезов ат.ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

Қазақстан Республикасының орта білім мемлекеттік стандарттарында жалпы білім беретін мектептерде оқытудың мақсаты – жеткіншек жасындағы балаларды оқыту барысында оқушылардың алған білімі жоғарғы сыныптарда оқытудың тірегі болатындай шығармашылықпен, өз бетінше ойлай білетін оқушыларды тәрбиелеу екендігі айтылған. Осы мақсаттарға жету үшін оқушылармен оқу-тәрбие үрдісінде ұлттық ойындарды күнделікті сабақ тақырыптарына сай іріктеп, тиімді және ұтымды әрі оқу мотивациясының мәнін арттырады.

Қазақ халқының ойындары арқылы оқу мотивациясын қалыптастыру сабағы оқушының алған білімін күнделікті өмірменен берік ұштастыруға қолайлы мүмкіндік жасайды. Пән сабақтарында халық ойындарын қолданудың түрлі жолдары бар.

Оқытудың ойын формасын қолдануды екі жақты дидактика байқалады: біріншіден, ойнау үшін білу, үйренудің қажеттілігі, екіншіден адамның ойнай отырып өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтаудың қажеттілігі.

Ойын теориясы мен практикасын отандық және шет елдік педагогтар, психологтар, әлеуметтанушылар зерттеуде. Мысалы, Иохан Хейзингтің «Ойыншы адам», Д.Б. Элькониннің «Ойын психологиясы», Эрик Берннің «Адамдар ойнайтын ойындар» атты еңбектері жазылды. Ойын теориясын зерттеуші Қазақстандық ғалымдар: Н.К. Ахметов, Ж.С. Хайдаров тағы басқалар.

«Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек», - деп жазады Ж.Аймауытов.

Жеткіншек жасындағы балаларды оқытуда ұлттық ойындарды қолданудағы психологиялық ғылыми ой-пікірдің қалыптасуының бұлақ-

бастауларының бірі – халық педагогикасы мен психологиялық идеялары болып табылады.

Пәннен сыныптан тыс жұмыстарды өткізудің белгілі әдіскер маманы Қ. Қаңлыбаев оқушылардың оқуға, білімге деген ынтасы мен мүмкіндіктерін толық пайдалану, оларды оқу үрдісінде үздіксіз дамытып отыру және сабақ барысында білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін ойын түрлерін қолданудың да көздейтінін көрсетеді. М.Н. Перова, Ә. Табылдиев, Ж. Қалбеков, Б. Қосболова, П.Б. Горшенко, Б. Асанов, Б. Төтенаев т.б. пәнінен сабақ өткізу кезінде өз бетінше жұмыс ұйымдастыруды және өткізуде тұлғаның белсенділігінің қалыптасуы қарастырылады.

Халық ауыз әдебиетінің қағидасына сүйенетін болсақ, онда қазақ балаларын жас ерекшелігіне қарай: «бір жасқа дейінгі нәресте, бір жастан жетіге дейін сәби, сегізден он төртке дейін жас өспірім, он бестен жиырма беске дейін жігіт», - деп төрт топқа бөлінеді.

Қазақ халқының фольклорын ұлттық ойындарын жинаушы этнограф Я. Диваев өзінің «Қырғыз (қазақ) балаларының ойыны» - деген еңбегінде оның бала тәрбиелеудегі ролін маңызын айта кетіп, сол кездегі қалыптасқан әдеп – ғұрып жас ерекшелігіне қарай, балаларды негізінен үш топқа бөледі:

1. 1-жастан жетіге дейін нәресте;
2. 7-жастан он беске дейін боз бала;
3. 15-жастан отызға дейінгі жігіт [3].

Осы дәстүрлі қағиданың негізіне сүйене отырып біздерде ұлт ойындарын бес топқа бөліп қарастырдық:

- 1) Туылған бір жасқа дейінгі кезең – нәресте жас кезеңі;
- 2) 1–ден 3–жасқа дейінгі кезең – бөбектер жасы;
- 3) 3–тен 7–ге дейінгі сәби жасынжағы баланың ұлттық ойыны;
- 4) 8–ден 11–жасқа дейінгі періште жасы;
- 5) 12–жастан 16–жасқа дейінгі жас өспірім шақ.

Бала өзінің қоршаған дүние туралы алғашқы түсінікті ойын үстінде алады. Ол дүние сырларын түйсініп аңғарады, тәжірбие жинайды.

Қазақ халқының әдет ғұрыптары негізінде дамыған алуан түрлі ұлттық ойындары көшпелі өмірге, дала табиғатына сай дами береді. Әр түрлі өнер белгілі бір жүйеленген ортада көріне алатындықтан, халық ойындары болғаны да даусыз.

Қазақтың ұлттық қимыл – қозғалыс ойындарын баланың жеке басын тәрбиелеудің, олардың адамгершілік қасиеттерін, адалдығын, шыншылдығын, ұстамдылығын, тәртіптілігін, жолдастық сезімін дамытудың бағалы құралы ретінде пайдалана аламыз. Әр түрлі дене тәрбиесі жаттығулардың ішінде ойынның арттықшылығы, оның ерекше тартымдылығынан балалардың күшін жұмылдыратын, қуанышпен қанағат сезіміне бөлейтін әсерлігінен, ірі бұлшықеттерінің (жүгіру, секіру, лақтыру) айтарлықтай бөлігінің жұмысына көмектесетін қозғыштық қызметін, қимылдың қарқынымен күш-қуатын балалардың өздерінің реттей білу мүмкіншілігінен, жеке бастаманың және батылдық, тәртіп, тапқырлық т.б. психологиялық қасиеттерді дамытуынан деуге болады.

Қимыл қозғалыс ойындары тірек-қимыл аппараттарына дамыту және жетілдіру жолымен ағзаны күшейтуге көмектеседі.

Сонымен, ұлттық ойындар балаларды әдептілікке, ұқыптылыққа, тәртіптікке, әрекетті жинақтауға және жоспарлауға үйретеді. Терең ойды талап ететін ойындарға дойбы, тоғызқұмалақты жатқызамыз. Қызығына ешбір тоймайтын халықтың даналығы қалдырған ойындардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Сағындыков Е. Қазақтың ұлттық ойындары. - Алматы: Рауан, 1991. – 189 б.
- 2 Елубаев С, Елубаева С. Дидактикалық ұлттық ойындар мен логикалық есептер. // Бастауыш мектеп. – 1998. - №6. – Б. 17.